



«Білім беру саласында басқару мен оқыту процесінде жасанды интеллект құралдарын пайдаланудың тиімділігі» Edata.kz компаниясымен бірлескен облыстық жоба

Жобаның негіздемесі

Қазіргі білім беру жүйесінде білім алушылар мен педагогтердің білім сапасын арттыру, бағалау үдерісінің объективтілігін қамтамасыз ету және дайындықты жекелендіру өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын қолдану арқылы білім деңгейін дәл анықтау, деректерге негізделген талдау жүргізу және тиімді дайындық траекториясын қалыптастыруға мүмкіндігі артады.

Жобаның мақсаты: жасанды интеллект технологияларын тиімді қолдану арқылы оқушыларды ҰБТ-ға, ал педагогтерді Педагогикалық Білім Біліктілігін арттыру (ПББ) емтиханына дайындауға бағытталған сынақ тестілеу қызметін ұсыну.

Жобаның міндеттері:

- ЖИ негізіндегі адаптивті сынақ тестілеу жүйесін енгізу;
- оқушылар мен педагогтердің білім деңгейін диагностикалау;
- жекелендірілген дайындық бағдарламаларын қалыптастыру;
- ҰБТ және ПББ форматтарына сәйкес тест тапсырмаларын әзірлеу;
- білім нәтижелерін талдау және мониторинг жүргізу;
- педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға ықпал ету.

Жобаның негізгі бағыттары:

1. ЖИ негізіндегі адаптивті тестілеу
 - Оқушы мен педагогтің білім деңгейіне сәйкес жеке траектория құру
 - Қиындық деңгейін автоматты реттеу
2. Диагностикалық талдау және мониторинг
 - Әлсіз және күшті тұстарды анықтау
 - Пәндер мен тақырыптар бойынша терең аналитика ұсыну
3. Жекелендірілген дайындық бағдарламалары
 - Нәтижеге бағытталған жеке оқу жоспары
 - ҰБТ және ПББ форматтарына толық сәйкестік
4. Автоматты кері байланыс және ұсыныстар
 - Қателер бойынша түсіндірме
 - ЖИ арқылы ұсынылатын оқу ресурстары